

2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі N 145 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 24 сәуірде N 5-18-149 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы N 36 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2013.01.31 N 36 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27, 28, 30, 31 бабтарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» № 274 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» № 326 қаулысына сәйкес, азаматтарды мерзімді әскери қызметке уақытылы және сапалы шақыруды қамтамасыз ету мақсатында, Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскери қызметке шақыру бойынша белгіленген мерзімді әскери қызметті өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында

мерзімді әскери қызметке шақыру өткізілсін.

2. Келесі құрам бойынша әскерге шақыру комиссиясы құрылсын:

Байсинов Қабдысадық Ақбайұлы	аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
Құлсеитов Қанатбек Дүйсенұлы	қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, төрағасының орынбасары (келісімі бойынша);
Комиссия мүшелері:	
Түрдиев Талғат Саматұлы	аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша);
Чакаров Темеш Бордатханұлы	аудандық орталық аурухана директорының орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы (келісімі бойынша);
Ракишева Құралай Қасенғазықызы	аудандық орталық аурухана медбикесі, әскерге шақыру жөніндегі комиссиясының хатшысы (келісімі бойынша).

3. Үржар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығына (Қ. Құлсеитов):

- 1) шақыру пунктін жұмыс жүргізуге дайындау;
- 2) шақыруды өткізу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу ұсынылсын.

4. Үржар ауданы № 1 медициналық бірлестігіне Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес әскерге шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Үржар аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына (М. Ішкібаев) шақырылушыларды әскерге аттандыруда және аудандық шақыру комиссиясы жұмысы кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Ауылдық округ әкімдеріне шақырылушыларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақырылғандары туралы хабардар ету және шақыру комиссиясына келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Байсиновқа жүктелсін.

8. Қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі	Б. Жанақов
-----------------------	------------

Келісілді:

Үржар ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы	Қ. Құлсеитов
---	--------------

11 сәуір 2012 жыл

Үржар ауданының Ішкі істер	
----------------------------	--

бөлімінің бастығы

М. Ішкібаев

11 сәуір 2012 жыл

Үржар ауданының № 1 медициналық

бірлестігі директорының м.а

Т. Чакаров

11 сәуір 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК